

᠑ᠶᠠᠮᠠᠨᠢ

البيبي<sup>ء</sup>

البيبي

*ӘЛІПБИ*

Älɪɓbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ  
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы  
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша  
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың  
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»  
аясында шығарылды*

**Құрастырушылар алқасы:** Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,  
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

**Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық.** – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-  
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020  
© «Арда + 7», 2020

**1929 жылдың 2-4 маусымында өткен ғылыми-орфографиялық конференция** – Жаңа түркі әліпбиінің орталық комитеті мен Халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шақыртуымен Қызылордада ұйымдастырылған конференция. Конференцияға К.Юдахин, Н.Шимдт, Е.Поливанов, И.Тоқтыбаев, Т.Шонанұлы, Ә.Сыздықов, Ж.Тілепберген, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, І.Қабылов, Қ.Жұбанов, О.Жандосов, Н.Вундцетель, Ә.Байділдин т.с.с. қатысқан. Жиынды басқарғандар – К.К.Юдахин, Ә.Байділдин, І.Қабыловтар. Хатшылары – Қ.Жұбанов, И.Тоқтыбаев, Н.Э.Вундцетель. Конференцияда алғашқы сөзді бастаған – Халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдістемелік кеңесінің ғылыми қызметкері Т.Шонанұлы. Баяндамашы қазақ жазуына фонетикалық ұстаным басшылыққа алынатынын ескерте келіп, қажет болған жерінде морфологиялық ұстаным да басшылыққа алынатынын айтады. Зерттеуші қазақ тілінде сөз *б, г, д* дыбыстарына бітпейтінін ескерте келіп, қазақ сөздеріне қолданылатын емле (орфография) шет тілден енген сөздер үшін де сақталуы керектігін, жат сөздерге бөлек емле түзудің қажеті жоқтығын айтады. Бұл ретте ғалым А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы сынды алаш зиялыларының ұстанымдарын негізге алғаны байқалады. Конференция барысында айтылған ұсыныстар мен өзгеріс-толықтыруларды тезиске енгізу үшін 7 адамнан тұратын комиссия құрылады. Комиссияға Ә.Байділдин, К.Юдахин, Е.Омаров, Н.Э.Вундцетель, Қ.Жұбанов, И.Тоқтыбаев, Н.Шимдт сайланады. Е.Омаров Ә.Байділдиннің орнына І.Қабыловты ұсынады. Алайда І.Қабылов бас тартуына байланысты комиссия бұрынғы құрамымен жұмысына кіріседі. Комиссия құрамында қазақ тілінің білгірлері, мамандар болмауының салдарынан конференцияда қазақ тіліндегі норма өрескел бұзылады. А.Байтұрсынұлы бұл конференцияға Алматыдан арнайы келгенмен, пойыздан түскен бойда тұтқындалады. Қ.Кемеңгерұлы комиссия құрамына сайланбайды. Қ.Жұбанов конференцияда хатшылық қызмет атқарады. Конференцияда К.Юдахин бастаған бір топ қайраткер қазақ тілінің заңдылықтарын өрескел бұзған. Е.Омаров қазақ тілінің заңдылықтарына сүйенсе отырып, ойтұжырымдарын негіздегенмен, конференцияға қатысушылар көпшілік дауыспен шешіп, құлақ аспай қояды. Сондықтан Е.Омаров мен Қ.Кемеңгерұлы қарсылық білдіріп, шығып кетуге мәжбүр болады. Комиссияның құрамында Қ.Кемеңгерұлы болмағандықтан, оның қарсылығы ескерілмейді. Сондықтан қазақ тілінің заңдылықтары әбден бұрмаланған тұста Е.Омаров ғана қарсы болып отырады. Ғылыми-орфографиялық конференцияда жаңа қазақ орфографиясы қабылданады. Бұл ережеде сол кезге дейін қалыптанып қалған қазақ тілінің жүйесі бұзылып, әркім түрліше жазуға жол беріледі. 1935 жылы Мемлекеттік терминкомның бюллетенінде Қ.Жұбанов 1929 жылғы конференцияның қате тұжырымдар қабылдағанының кесірінен «коммунист» сөзінің өзі 16 түрлі жазылып жүргенін жазады.

**1924-30 жылдары ұсынылған жобалар** – латын әліпбиіне көшу кезінде ұсынылған жобалар. Н.Төреқұловтың жобасы. Латын графикасы негізінде әліпби